Интернетсіз бір күнім...

Маған бүкіл қала әлі де тәтті ұйқыда жатқанда, күн нұры көрінбеген кезде, ерте ояну ұнайды. 6-7 лердің кезінде терезені айқара ашып, сусыз ауамен құшырлана дем алсаң, бірден бабың серіп қалады. Айналаң тып-тыныш, жан адам көрінбейтін бұл мезгілде тек алыста машиналардың зуылдап бара жатқан дауысы естіледі. Мұндайда сұрғылт аспанға, алдымдағы көп пәтерлі қабатты үйдің шатырына, араның ұяшығындай орналасқан терезелерге қарап тұру ұнайды.

Содан соң, әрине, мен өзімнің күнделікті орнатқан күн тәртібіме қарайтынмын. Барлық кездегі шаруамды істеп үлгеру үшін мен күн тәртібімді бұзбауға тырысамын. Сонымен менің қысқаша күн тәртібіме тоқтала кетсек. Мен күнделікті сағат жетіде тұрамын. Тұрғаннан соң, бірден төсегімді жинап, беті-қолымды жуамын. Содан соң таңғы ас ішіп, шашымды тарап, мектеп киімімді киіп, мектепке барамын. Сабақ аяқталған соң, үйге қайтамын. Үйге келгеннен кейін, киімімді ауыстырып, қол жуып, түскі ас ішемін. Одан кейі ас үйді жинастырып, сабақ оқуға кірісемін. Сабақ оқуға шамамен екі сағаттай уақытым кетеді. Одан кейін кішкентай сіңілімді бағамын, далаға шығып бір сағаттай серуендеп қайтамыз. Содан соң бәріміз бірге кешкі ас ішеміз. Содан соң, жеңгеме ас үйді жинауға көмектесіп, одан кейінгі бос уақытымды өз қалауымша өткіземін: не теледидар көремін, немесе әлеуметтік желіде отырамын. Сағат он-он бірлерде ұйқыға кетемін.

Ал демалыс күндерімде үй жинаймын, кітап оқимын немесе отбасыммен қыдыруға барамын.

Қорыта келгенде, адам тек ұялы телефонмен, әлеуметтік желілермен ғана өмір сүрмеуі керек. Ғаламторсыз өмір өте қызық.

Абишева Меруерт
10 сынып